

## "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданды әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 171 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 шілдеде № 2760 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 мамырдағы № 141 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 06.05.2016 № 141 қаулысымен(қол қойылған күннен бастап күшіне енеді).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына , "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына және "Мемлекеттік орган туралы ережені өзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1672 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Маңғыстау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Л.Жонасов), қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын, сонымен қатар уәкілетті мемлекеттік органдың интернет ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Л.Жонасовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндеттін атқарушы

E.Махмутов

КЕЛІСІЛДІ:

"Маңғыстау аудандық құрылыш  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы  
Н.Жаңбыршиев  
18 маусым 2015 жыл

Маңғыстау ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 18 маусымдағы  
№ 171 қаулысымен бекітілген

**"Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің**

**Е Р Е Ж Е С І**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау ауданды қ сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Маңғыстау ауданының аумағында сәulet және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауымен мөрі мен мөртаңбалары бар, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйректарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сай бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 130400, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық алан, 1 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы: "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау ауданының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

## **2. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. Миссиясы: ауданың сәулет, қала құрылышы қызметі саласында функцияларды жүзеге асыру.

16. Міндеттері:

1) толыққанды тіршілік ету ортаны қалыптастыру мақсатына сәулеттік және қала құрылышы шешімдерін әзірлеу мен іске асыру және аудан аумағын сәулеттік-қала құрылыштық дамыту мен ағымдағы және болашағы бар әлеуметтік-экономикалық кешенді міндеттерді шешуге бағытталған сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) жаңа және ескі құрылышты жобалау кезінде ауданың сәулеттік келбетінің сақталуын ескерумен кешенділікті қамтамасыз ету;

3) жерлерді, табиғи және материалдық ресурстарды тиімді және үнемді

пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін аудан құрылышының жаңа ұстанымдары мен тәсілдерін енгізу;

4) қоғамдық орталықтар, аландар, көшелер, жаяу жүргіншілер аймақтары, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық кешендердің аяқталған сәулеттік ансамбльдерін құру.

### 17. Функциялары:

1) ауданың заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен аудан ықпал ететін аймаққа жатқызылған іргелес жатқан аумақтарда қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) ауданың бас жоспарының жобасын, аудан шегінің шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын аудандық мәслихаттың мақұлдауына ұсыну үшін әзірлеуді ұйымдастыру;

3) қала құрылышы құжаттамасын, сондай-ақ аудан аумағында құрылыш салудың, оны абаттандыру мен инженерлік жағынан қамтамасыз етудің қағидаларын аудандық мәслихатпен бекіту үшін әзірлеу;

4) аудандық мәслихатқа енгізу үшін тұрғын үй қорын, өзге де ғимараттар мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы құрылыштарды, инженерлік коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының жергілікті маңызы бар объектілерін сактау және күтіп-ұстасу ережелерін белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) жоспарланған құрылыш салу не өзге де қала құрылышы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

6) базалық деңгейде мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу, заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік қала құрылышы кадастры деректерін занды және жеке тұлғаларға ұсыну, мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

7) ауданың қала құрылышы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыш салу жобаларын іске асыру;

8) жер участекерін таңдауға қатысу, ведомствоның бағынысты аумакта құрылыш салуға немесе өзге де қала құрылышын игеруге арналған жер участекерін беру және алып қою бойынша ұсыныстар енгізу;

9) құрылыштарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылышты (объектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы ұсыныстар

әзірлеу;

- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамы бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
- 11) тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды және олардың нормативтік күтіп-ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;
- 12) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;
- 13) объектілерді жобалау мен құрылышын салуға сәulet-жоспарлау тапсырмаларын беру;
- 14) жобалау құжаттамаларын сәuletтік-жоспарлау тапсырмасы тарапына сәйкестігін келісімдеу;
- 15) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру және ез құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 16) мекенжайларды беру және оларды "Мекенжайлық тіркелім" ақпараттық жүйесіне тіркеу, оларды өзгерту және жою;
- 17) заңнамаға сәйкес құрылышты жобалау құжатынсыз (жобалау-сметалық) немесе жеңіл эскиздік жобалармен рұқсат берілетін объектілерді орналастыруды келісімдеу;
- 18) заңнамаға сәйкес бөлме-жайлар немесе құрылыштарды өзгертуге техникалық курделі емес топтарға жатқызу шешімдерді қабылдау;
- 19) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында олармен азаматтық құқықты жүзеге асыру мәселесі бойынша жеке және занды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарau және құзыretі шегінде шешімдер қабылдау;
- 20) сәulet-қала құрылышы кеңесін ұйымдастыру және жүргізу;
- 21) ауданның кезекшілік жоспарын, жер асты коммуникацияларын орналастыру жоспарларын құру мен жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 22) кадастрық ақпаратты толықтыру, интеграциялау және сақтауды (топографиялық материалдар) және оған қолжетімділік режимді қамтамасыз ету;
- 23) ғимараттардың, құрылыштардың, жер асты коммуникациялар желілерінің және аумақты көріктендіру элементтерінің орындаушылық түсірмелерінің орындалуы бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 24) ауданды сәuletтік-көркемдік ресімдеу, көріктендіру және

көгаландырудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу;

25) мекеменің құзіреті шегінде аудан әкімінің және әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

26) барлық мемлекеттік органдардарда құзыреті шегінде мәселелерді қарауда мемлекеттің мудделерін ұсыну;

27) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

#### 18. Құқықтары мен міндеттері:

1) белгіленген тәртіпте әзірленген және бекітілген жобалау-жоспарлау құжаттамаларын бұзумен орындалған жұмыстың кез келген түрлерінің өндірісін тоқтату туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте сәулет-құрылышты бақылау және қадағалау істері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсыныс енгізу;

2) сәулеттік қала құрылышы нормативтеріне және өзге де талаптарға сай келмейтін жобаларды, сәулет-жоспарлау тапсырмаларды бұзумен орындалған, және тиісті лицензиялары жок ұйымдар мен тұлғалармен әзірленген жобаларды келісуден бас тарту;

3) құрылыштарды, тұрғын аудандар мен аудан орталықтарын көріктендіруге, жекелей ғимараттар мен құрылыштарды салуға ең үлгілі сәулеттік және қала құрылышы идеясын анықтауға әзірленген екі нұскадан кем емес сәулеттік маңызы бар нобайлық жоспарлау жобаларды орындау қажеттігін анықтау;

4) аудан әкімдігі мен жоғары ұйымдарға сәулет және қала құрылышы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасына сай мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектілерін, оның ішінде тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзіреттеріне ұқсас шешімдерді қабылдауға, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серікестердегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

6) әрбір нақтылы жағдайда нобайлық жобаларды әзірлеу, сәулет, қала құрылыштық маңызы бар объектілердің нұскалы немесе конкурстық жобалау кезеңділігін анықтау, жеке жобаларды әзірлеу немесе үлгі жобаларды қолдану орындылығын, оларға қажет жағдайда өзгерістер енгізу;

7) сәулет және қала құрылышы қызметін жүзеге асырған кезде мекендейтін және тіршілік ететін қолайлы ортаны қамтамасыз ету;

8) мекеме әзірлеуші болып табылатын қала әкімі мен әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің құқықтық мониторингін жүзеге асыру және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды дептану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

### **3. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

19. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. "Маңғыстау аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) дара басшылық ұстанымымен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен анықталған өз құзыретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін өз бетімен шешеді;
- 2) белгіленген тәртіpte атқарушы органдардан мекеменің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті материалдарды сұратады және алады;
- 3) мекеменің құзыретіне мұдделі ұйымдардың өкілдерін тартумен кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіpte кенестер шақырады;
- 4) мекеме қызметкерлерінің өкілеттіктерін анықтайды;
- 5) мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, барлық ұйымдарда оның мұдделерін ұсынады;
- 6) шарттар жасасады;
- 7) сенімхаттар береді;
- 8) банк есеп шоттарын ашады және заңнамаға сәйкес өзге мәмілелерді жасасады;
- 9) қызметкерлердің іссапарларының, сынақтан өтудің және біліктілігін арттырудың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 10) мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 11) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- 12) мекеме қызметкерлеріне мадақтау шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;
- 13) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапкершілікте болады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

25. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау ауданы әкімдігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

26. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркеледі.

#### **6. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

27. "Маңғыстау аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК